

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 35-9 "2020-2022 жылдарға арналған Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2020 жылғы 31 наурыздағы № 37-19 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 сәуірде № 6162 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабының 4-тармағына, 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 35-9 шешіміне (2020 жылғы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5948 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімге 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 21 834,0 мың теңге:

салықтық түсімдер – 1 687,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 20 147,0 мың теңге;

2) шығындар – 21 834,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0,0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0,0 мың теңге;

қарыздар түсімі – 0,0 мың теңге;
 қарыздарды өтеу – 0,0 мың теңге;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0,0 мың теңге.";
 4-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"4. 2020 жылға арналған Конюхов ауылдық округінің бюджетінде аудан бюджетінен ағымдағы трансферттердің түсімдері ескерілсін, оның ішінде:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 " Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыруға;

2) "2020 жылға арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулары" семинарын төлеуге;

3) ауылдық округке аншлагтар мен нөміршелерді сатып алуға;

4) ауылдық округ автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мағжан Жұмабаев ауданы
 мәслихаты сессиясының
 төрағасы

Ж.Хайдарова

Мағжан Жұмабаев ауданы
 мәслихатының хатшысы

Т.Абильмажинов

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихаты 2020 жылғы 31 наурызы № 37-19 шешіміне қосымша
 Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 35-9 шешіміне 1-қосымша

Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округінің 2020 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
			Кірістер	2 1834,0
1			Салықтық түсімдер	1 687,0
	01		Табыс салығы	0,0
		2	Жеке табыс салығы	0,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 687,0

		1	Мүлікке салынатын салықтар	12,0
		3	Жер салығы	303,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 372,0
2			Салықтық емес түсімдер	0,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
4			Трансферттер түсімі	2 0 147,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 0 147,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	2 0 147,0
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы мың теңге
	Бағдарлама			
			Атауы	
			Шығындар	2 1 834,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 4 239,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 4 239,0
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 4 239,0
04			Білім беру	2 400,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 400,0
		005	Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	2 400,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	95,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	95,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	95,0
12			Көлік және коммуникация	3 500,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 500,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3 500,0
13			Басқалар	1 600,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 600,0
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	1 600,0
			Таза бюджеттік кредиттеу	0,0

			Бюджеттік кредиттер	0,0
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
			Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
			Қаржы активтерін сатып алу	0,0
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			Бюджет тапшылығы (профициті)	0,0
			Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0,0
7			Қарыздар түсімі	0,0
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы мың теңге
	Бағдарлама			
			Атауы	
16			Қарыздарды өтеу	0,0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0,0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	0,0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК